

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күші жойғал*

Қарағанды облысының Шет ауданы әкімінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 09 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 маусымда № 3862 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2016 жылғы 18 шілдедегі № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 18.07.2016 № 10 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2016 жылғы 20 маусымдағы № 2 хаттамасы негізінде, Шет ауданының әкімі

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сібір жарасы ауруы қауіпінің туындауына байланысты Шет ауданының Өспен ауылдық округі Еркіндік ауылының аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Шет ауданы әкімінің орынбасары М.Мұхтаров тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шет ауданының әкімі*

*М. Жандаулетов*